

С. С. Түсіпбеков, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі (ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЗАҢГЕРЛІК ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Заңгерлік пәндерді оқыту — өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін әте күрделі процесс. Пәнді оқыту мақсаты — оның мазмұны — білім беру және оны игеруге басшылық жасау — білім алушылардың оқу әрекеті — оқыту нәтижесі деген тізбекті құрайды. Оқыту процесіндегі қозғалыс, оның ішкі қайшылықтарын жою барысында іске асады. Ондай қайшылықтар жоспарланған және қолданылған оқыту құралдары мен әдістерінің арасында пайда болады. Заңгерлік пәндерді оқыту процесінің диа-лектикалығы сияқты әдістемені оқып-үйрену де үнемі даму үстінде болады. Заңгерлік пәндерді оқыту қоғам алдында тұрған жас ұрпақты тәрбиелеудің кешенді міндеттерін іске асыруға қызмет жасайды. Бұл пәндер құқық ғылымдарымен бірге философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология, дидактика талаптары логика сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыста дамиды. Бұл салалардың материалдарын пайдалану шығармашылық сипат алады, әйткені құқық пәні оларды заңгерлік пәндерді оқыту процесін жетілдіру мақсатында қорытып, жаңартып пайдаланады. Әдістеме дегеніміз — методика. «Методика» сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «таным тәсіл», «зерттеу жол» деген ұғымдарды береді. Яғни, нақты міндетті шешудің, әлдебір мақсат қажет етудің тәсілі, жиынтығы, кешені. Әдістеме негізінен оқу процесін ұйымдастыруға және оның негізгі факторларын жетілдіруге бағытталған. XX ғасыр басындағы кэрнекті әдіскер К. А. Иванов әдістеменің маңызды міндеттері деп сол ғылымды оқу пәні ретінде жақсы жолға қоюға алып баратын оқытудың айқындау, бағалау, бейнелеу тәсілдерін айтады¹, 56. Әдістеме ғылымы — педагогикалық процесс, оқытушының пәнді оқытуы, ал, білім алушының пәнді зерделеуі. Әдістеменің нысаны — оқытудың әдістері, мазмұны, ұйымдастырылуы және түрлері болып табылады.

Оқытушы мен білім алушының оқу процесі күрделі және кәп қырлы болып келеді. Оның тиімділігі білім алушы әрекетінің сипатымен айқындалады. Оқытушы өз пәнін қаншалықты жетік білгенімен білім алушылардың қызығушылығын оятып, шығармашылық әрекетін ұйымдастыра алмаса, айтарлықтай табысқа жете алмайды. Әмірде нашар оқытушылар кәп кездеседі, олардың пайда болуы өз пәнін жетік білмеуіне байланысты емес, ең бастысы олар өз білімдерін өзгелерге оңай жолмен түсіндіре алмағандығынан туындайды. Әйткені, олар білім алушыларға құқық материалдарын баяндаудың әдістемелік негіздерін жеткізе алмайды. Сондықтан пәннің әдістемесін не үшін оқытамын? Қалай оқытамын? Немен оқытамын деген сұрақтар таныс емес, тіпті пәннің әдістемесінен жеткілікті хабары жоқ. Заңгерлік пәндерді оқыту әдістемесі өзге ғылымдармен, әсіресе оқытудың мазмұнын талдап жасайтын базалық құқық ғылымымен тығыз байланысты. Құқық ғылымының негізгі мәліметтерін таңдап алып, оны дидактикалық әңдеуден өткізіп, бейімдеп, жоғары оқу орнындағы пән курсының мазмұнына енгізу бүгінгі заман талабы.

Заңгерлік пәндерді оқытудың мақсаттары мемлекет дамуының әртүрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. Кеңестік кезеңге дейінгі жоғары оқу орындарында құқықтың тарихын оқытуда кәштеген объективтік жетістіктер болғанымен, оның мазмұнында ұлы орыстық шовинизм, ұлы державалық астамшылдық басым болды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының өзін-де Қазақстанның тарихи құқығына қатысты мәселелер оқытылмады. Тіпті, қазақ құқығы бол-мағандай кәрінеді. Кеңестік кезеңдерде құқық пәнінің мазмұнында жоғарыда аталған саяси белгілер коммунистік, таптық сипат алды. Ол кезеңдегі құқық пәнінің мақсаты маркстік-лениндік дүниетанымға негізделіп, коммунистік идеяларға бағытталды.

Заңгерлік пәндерді оқытудың негізгі факторлары оқу процесінде кешенді түрде жүйемен іске асады. Жүйе дегеніміз — өзара әрекеттесіп, тығыз байланыста болып, белгілі

біртұтас-тық, бірлік құрайтын бөліктердің жиынтығы². Оқу факторларының ішкі тұтастық қасиеті оқыту процесіне дұрыс ықпал жасап, оның сапасының жақсаруына жол ашады.

Жоғары оқу орнында заңгерлік пәндерді оқытудың мазмұны құқық ғылымының дамуы барысында өзгеріп отырады. Әдістеме отандық және жалпы пәннің негізгі оқиғалары, факті-лері мен құбылыстарын таңдауға; теориялық жинақтау мен анықтамалар қалыптастыруға көмектеседі. Жоғары оқу орнында оқыту үшін таңдап алынған заңгерлік пәндердің мазмұны мемлекеттік стандарт, бағдарлама, оқулық түрінде кәрініс табады. Білім алушылар ол мазмұнды аудиториялық және аудиториядан тыс оқу түрлерін қамтитын оқытуды ұйымдас-тырудың белгілі бір әдістемесі арқылы меңгереді. Әдістер (әрекет тәсілдері) әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, сөздік, баспа-қолжазбалық (мәтінмен жұмыс), кәрнекі, тәжірибелік деген сияқты. Олардың мәні қалай оқыту керек деген сұраққа жауап беріп, оқытушы мен білім алушының бойында екі жақтық әрекетін айқандайды. Жақсы жолға қойылған оқытудың әдісте-месі білім алушылардың бойында құқықтық білім мен танымдық дағдыларды, ғылыми кәзқа-рас пен сенімді қалыптастырып, дамытуда тиімді нәтиже береді. Әдіс, тәсілдер мен оқыту-дың түрлері (жалпы топтық, топтық, дербес), сабақ типтері (қайталау-жинақтау, семинар, тәжірибелік, өзіндік жұмыс), сабақ процесінде оқытушы әрекеті мен білім алушының оқу құралдары тығыз байланысты. Оқу жұмысының құралдарына оқу процесін қамтамасыз етуге керекті оқулық, жұмыс дәптері, сызба альбом, дәріс слайдтары, диафильм т. б. сияқты зат-тарды жатқызамыз. Оқу материалы мазмұнының, тиісті оқыту әдістемесінің ұйымдастыры-луы және білім алушылардың танымдық қызметі формаларының біртұтастығы негізінде білім алушылар оқыту мақсатына қол жеткізеді.

Білім алушылардың танымдық мүмкіндіктері білім алушының жасына және соған сәйкес құқықтық білім мен дағдыны игеру деңгейіне тікелей байланысты. Құқықтық танымға ұмтылуға күш жұмсау тұлғаның ойлауын, қиялын, ерік-жігерін және сезімдік қасиеттерін дамыту-ға айтарлықтай ықпал жасайды. Оқу процесінде білім алушылардың құқықтық білімді меңге-ру және қолдану қабілеті дамиды. Қабілеттілік дегеніміз не? Ол заңгерлік пәндерді оқып игеруде табысқа жетуге алғышарт болатын тұлғаның дербес ерекшеліктері. Ол қабілеттілік әрекеттің әдістері мен тәсілдерін тез, терең және оңай меңгеруден байқалады.

Оқыту нәтижелері алға қойған мақсаттарды іске асырумен тікелей байланысты. Білім алушылардың қол жеткізген білім мен дағдысының, олардың интеллектуалдық, эмоциялық және ерік-жігерінің деңгейін көрсетеді. Білімін дәлелдеу және негіздеу, ең бастыны бәліп алу, се-беп-салдарлы байланыстарды анықтап, қалыптасқан мәселені шешуде қажетті білімді қолда-на алудан кәрінеді.

Соңғы жылдары білім сапасы тест көмегімен бағалануда. Оның есесіне білім алушылардың алған білімдерінің тәжірибелік қызметте қолдану қабілетін бағалайтын тапсырмалар аз қолдануда. Осылайша оқыту нәтижелері алға қойған мақсаттың орындалмағанын немесе тек сөз жүзінде қалғандығын танытады. Құқықты оқыту сабақтарында мұндай тапсырмалар қарапайым дерек кәздері және құжаттарды зерттейтін тәжірибелік сабақтар жүргізумен тіке-лей байланысты. Білім алушылар сабақтан бос уақытында теориялық жұмыстары негізінде баяндама, реферат, ғылыми мақала дайындау, құқықтық білімін бағалаудың әлшемі болуы тиіс.

Пәнді таңдап алу білім алушылардың танымдық мүмкіндігін ескере отырып жүргізіледі. Оларды анықтауда психология ғылымының жетістіктеріне сүйенеміз. Бұл ғылым білім алушылар танымы мен танымдық әрекетінің ерекшеліктерін ашуға көмектеседі. Оның үстіне заңгерлік пәндерді оқыту процесіне талдау жасағанда бірқатар психологиялық және педаго-гикалық зерттеу тәсілдері де қолданылады. Әдістеме пәні оқытудың бір саласы ретінде педа-гогикамен байланысты. Педагогика — оқыту, ғылыми зерттеуге де нақты құқықтық мазмұн береді.

Педагогикалық бақылау — оқу процесіне ықпал жасамай, заңгерлік пәндерді оқыту прак-тикасын зерттеу дегенді білдіреді³. Зерттеуші оқу сабақтарына қатысып, оны талдайды,

білім алушыларға сұрақ қою мен тесті әткізіп, оқытушылардың ашық сабақтарының хабарламала-рын тексеріп, пәндердің әдістемелік кеңесінің озат тәжірибені жинақтаған материалдарымен танысады.

Қорыта айтқанда, заңгерлік пәндерді оқытуды зерделеудің негізгі мақсаттары оқытудың негізгі педагогикалық және әдістемелік негіздерімен танысу, дәріс, семинар және тәжірибе-лік сабақтарға материалдар дайындаудың заңдылықтарын зерделеу, оқу сабақтарының әр-түрлерінен сабақ әткізудің тәсілдерін тәжірибеде меңгеру. «Заңгерлік пәндерді оқыту әдісте-месі» пәні бойынша оқу және оқу-әдістемелік материалдарын білім алушыларға оқу сабақ-тары барысында және оларды әзіндік жұмыстар шегінде ұсынып қана қоймай, оқу жоспары-ның өзге де пәндерін зерделеу барысында алған білім, іскерлік және дағдыларының қол жет-кізген деңгейлерін назарға алу керек, мұның әзі келешекте білім алушының оқу жоспарын зерделеу үшін қарастырылған, пәндерді меңгеру үшін қажетті алғышарттарды қалыптасты-руға ықпал етеді.

Иванов К. А. Методика преподавания. — М., 1989.

2 Методика преподавания литературы: Учебн. для пед. вузов / Под ред. О. Ю. Богдановой, В. Г. Маранцмана. В 2-х ч. — М., 1994.

3 Орлов В. И. Методические основы обучения. — М., 1989